

# Ембі тынысы

№ 15 (31),  
тамыз  
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

## Құрметті құрылыс саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!


Құрылыс индустриясы — экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуымен тікелей байланысты. Мемлекеттің қолдауымен Тәуелсіздік жылдары елімізде құрылыс саласын

дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді.

Атырауда да жыл сайын көркейіп, биік-биік үйлер, ғимараттар жыл өткен сайын бой түзеп келеді. Бұл нысандардың барлығында да құрылысшылардың қолтаңбасы бар.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарында құрылыс жұмыста-

ры қарқынды жүруде. Атап айтсақ, мұнай кен орындарын жабдықтау, мұнай құбырларын қайта жаңғырту, өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды қайта жаңғырту мен күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізумен айналысатын сала мамандарының табысты еңбектері ерекше құрметке ие. Өйткені, өнім өндіру мен тапсыру жоспарының тұрақты орындалуы құрылыс жұмыстарына тікелей байланысты.

Адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық иелері – Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! 

*Ізгі тілекпен,  
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,  
«Ембімұнайгаз»  
АҚ Басқарма төрағасы*

## Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

### Табиғатты қорғау – баршаға ортақ іс!

«Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаға зиян келтіруді азайтумен жоспарлы түрде жұмыстануда және өндірістік қалдықтарды төмендету мәселелеріне көп көңіл бөліп келеді. Компания тарихи ластанған аумақтарды тазартуға және мазутпен ластанған топырақты, мұнай қалдықтарын қайта өңдеуге бағытталған жобаларды жүзеге асыру үшін қомақты қаржы бөліп отыр.

Компания 2005 жылдан бастап биоремедиация әдісімен (биологиялық тазарту және топырақ құнарлығын қалпына келтіру) мұнаймен

ластанған топырақтарды тазартудың ауқымды жобасына кірісті. Биологиялық тазартудың артықшылығы қоршаған ортаға кері әсердің толықтай болмауы болып табылады. Мұнайшылар 10 жылдың ішінде «тарихи ластанған жерлерді», яғни, өткен ғасырда мұнаймен ластанған 500-ден астам гектар жерді тазартты.


Қосалқы өндіріс қалдықтарын (пайдаланылған шамдар, майлар, тозған заттар және т.б.) және тұрмыстық қатты қалдықтарды жою жұмыстары мамандандырылған кәсіпорындарға тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

Көдеге жаратылған және залалсыздандырылған қалдықтар мөлшерінің айналымдағы қалдық мөлшеріне қатынасы 2018 жылы 0,18 т/т құрады.

Компанияда өндірістік және тұтынушылық қалдықтардың пайда болу көздерін түгендеу жүргізіледі, қалдықтардың әр түрі үшін төлқұжат пен қалдықтармен жұмыс жасау жөніндегі нұсқаулықтар жасалады.

2018 жылы ЕМГ Басқарма төрағасының тапсырмасы бойынша Компанияның орталық басқару аппаратында «Жасыл кеңсе» жобасы іске қосылды.

Жобаның мақсаты – кеңсе ресурстарын, дәлірек айтсақ, пайдаланылған қағаздарды ұқыпты пайдалану және үнемдеу, сонымен қатар, ЕМГ қызметкерлері арасында макултураны бөлек жинау мәдениетін дамыту болып табылады. Алдағы уақытта бұл жоба Компанияның өндірістік бөлімшелеріне таратылады.

Пластик қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіреді. Осыған байланысты Компания кен орындарында пластикалық бөтелкелерден біртіндеп (кейін - толық) бас тарту жөніндегі жобаны бастайды. 

# Мұнай саласынан Ұлттық қорға 3,2 трлн теңге құйылды

2018 жылы ҚР Ұлттық қорына елдің мұнай секторынан 3,2 трлн теңге түсті, бұл қордың 60% өсуіне мүмкіндік берді. Мұнай саласындағы тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды сатып алудың жалпы көлемі 6 трлн теңге болды. Мұнайсервис компанияларының одағы 2018 жылдың осындай нәтижелерін ұсынды.

Алдыңғы жылдардағыдай, өткен жылы мұнай өндіруші компаниялардың ондығына сәйкесінше 28,6, 13,2 және 12,1 миллион тонна мұнай өндірген ТШО, НКОК және КПО кірді. Одан кейінгі

орындарда - «Маңғыстаумұнайгаз» (6,3 млн т), «Өзенмұнайгаз» (5,4), «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» (3,8), «Ембімұнайгаз» (2,8), «Қазгермұнай» (2,7), «Қаражан-басмұнай» (2,1) және «Бозашы Оперейтинг» (1,3) компаниялары.

Мұнайсервис саласындағы бүкіл сатып алулардың 77%-ы тек үш ірі операторға тиесілі, олардың жалпы сомасы 4,6 млрд теңгеден асады.

Ірі 20 мұнайсервис компанияларының қатарына бірнеше қазақстандық (және бірлескен) компаниялар - ТеңізСервис, ErSai Caspian Contractor (Қазақстан /

Италия), KMG Nabors Drilling (Қазақстан / АҚШ), Бұрғылау және Oil Services Company енген.

ҚР Энергетика министрі Қанат БОЗЫМБАЕВ жақында Атырауға келген сапарында ТШО жобасында ККЖ жобасында 360-тан астам компания жұмыс істеп жатқандығын атап өтті. Қызметкерлер саны шамамен 53 мың адам, оның ішінде 48 мыңы жергілікті және 5 мыңы шетелдік, оның 23 мыңы мердігер компаниялардың, ал 25 мыңы - қосалқы мердігерлік кәсіпорындардың қызметкерлері.

«Теңізшевройл» ЖШС-де 4890 жұмысшы жұмыс істейді, олардың 88% -ы – қазақстандық қызметкерлер.

НКОК-та қызметкерлер саны - 3220 адам, олардың 90%-ы (2898) – Қазақстан азаматтары. Мердігер ұйымдарда 6978 адам жұмыс істейді.

КПО-да 3994 адам жұмыс істейді, олардың 3613-і немесе 92% -ы – қазақстандық мамандар. КПО мердігерлерінде 14 422 адам еңбек етеді, онда қазақстандық қызметкерлер үлесі 88% немесе 12 754 адамға жетеді. **Е**

[www.azh.kz](http://www.azh.kz)

## Бас компаниялар жаңалықтары

# Үшжақты ынтымақтастық меморандумына қол қойды

2019 жылғы 30 шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ), Қазақстан Республикасының Энергетика министрілігі және «Тоталь Э энд П Қазақстан» компаниясы мұнай-газ кешенінде цифрландыру саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Меморандумға Францияның экономика және қаржы министрі Брюно Лё Мэрдің Қазақстан Республикасына сапары аясында қол қойылды.

Құжатқа сәйкес тараптар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын және мұнай-газ индустриясында цифрландыруды дамытудың бұдан кейінгі барысын іске асыруда мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарға жәрдемдесуге ниеттенді.

Ынтымақтастық шеңберінде цифрландыру мәселелері бойынша кеңес

беру, «Тоталь» компаниясының тәжірибесін негізге ала отырып, цифрландыру жобаларын іске асыру, деректерді басқару ісін жақсарту, кадр дайындау мен олардың біліктілігін арттыруда қолдау көрсету, білім беру бастамаларын ілгерілету және т.б. іс-шаралар жоспарлануда.

- «Тоталь» әлемдегі ең ірі мұнай-газ компанияларының алғашқы ондығына кіреді. Сондықтан, оның мұнай-газ саласын цифрландыру және озық технологияларды қолдау мәселелеріндегі тәжірибесі Қазақстанға операциялық қызметтің тиімділігін арттыру және мұнай-газ активтерінің көрсеткіштерін жоғарылату мақсатында жұмысты жүргізудің үздік үлгілерін үйренуге мүмкіндік береді. Меморандум екі компанияның арасындағы



ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, оның ауқымын едәуір кеңейте түседі, – деп атап өтті ҚМГ Басқарма

төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев. **Е**

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

# «КазМунайГаз» повышает эффективность

Как улучшить производство без затрат? Ответ на этот вопрос нашли в национальной компании «КазМунайГаз». Несколько лет назад здесь на нефтеперерабатывающих предприятиях успешно внедрили концепцию «Lean 6 Sigma», благодаря которой только на Павлодарском нефтехимическом заводе было сэкономлено свыше 43,6 млн. тенге. Отличительной особенностью программы является то, что все внедряемые проекты были предложены работниками завода, которые специально прошли обучение по данной программе. Кроме того, проекты не требуют существенных инвестиций, а срок их завершения составляет полгода-год с очевидными экономическими результатами.

Более того, успешная реализация этого трансформационного проекта на НПЗ способствовала принятию в КМГ решения о тиражировании «Lean 6 Sigma» на предприятиях, работающих в других сегментах деятельности компании. Так, в новый портфель Программы цифровой трансформации «КазМунайГаза» вошел проект внедрения «Lean 6 Sigma» в дочерних компаниях бизнес-направления «Добыча нефти и газа». И такой выбор неслучаен, ведь именно в этом секторе кроется основной потенциал для повышения эффективности КМГ.

Концепция «Lean 6 Sigma» возникла в результате объединения двух методов управления качеством: японско-

го «Lean manufacturing» («Бережливое производство»), в основе которого лежит сокращение потерь и ускорение процессов, и американского «Six Sigma» («Шесть сигм»), сфокусированного на повышении качества продукции и удовлетворенности клиентов. Программа является универсальной методологией по системному построению проектного подхода для оптимизации расходов компании.

В основе «Lean 6 Sigma» лежит стимулирование рядовых работников к иницированию проектов в целях повышения эффективности и оптимизации деятельности предприятия. Для этого сотрудников обучают по специальной методологии DMAIC. Она включает пять этапов. Первые два - определение (Define) и измерение (Measure). Данные этапы предполагают подготовку бизнес-кейса проекта, то есть постановку четкой цели, определение временных рамок для её достижения, выявление дефектов и проблем предприятия. На последующих трех этапах: анализ (Analyze), совершенствование (Improve) и контроль (Control) необходимо уже определять и анализировать главные причины возникновения дефектов, улучшать процесс путём их сокращения, контролировать дальнейшее протекание процесса.

По результатам обучения и реализованных проектов работникам, по аналогии с системой восточных едино-

борств, присваиваются «пояса». «Зеленый пояс» – это уровень руководителей простых и средних по сложности проектов, которые должны уметь анализировать и систематизировать большие объемы данных, представлять информацию в хорошо структурированном и наглядном виде. «Черный пояс» – координаторы проектов любой сложности, наставники «зеленых поясов». «Мастера черного пояса» – это сотрудники компании, обладающие высшими техническими и организационными умениями и обеспечивающие техническое руководство программой.

Практика использования «Lean 6 Sigma» на западных предприятиях показала, что собственными силами в короткие сроки можно добиться весьма высоких результатов. К примеру, улучшить качество готовой продукции и услуг на 20-40%, при этом снизив себестоимость на 30-60%. Увеличить (без дополнительных затрат) объем выполненных работ до 20%, скорость выполнения – до 70%, а эффективность работы предприятия в целом – на 10-30%.

Реализация подобных проектов также тесно связана с управлением изменениями (change-management), поскольку способствует изменению мышления людей, которые, в свою очередь, меняют бизнес-процессы, а нередко и технологии. К примеру, на Павлодарском нефтехимическом заводе с 2016 по 2018 годы азам программы

обучили 27 человек, которые и стали авторами 20 проектов, внедренных на производстве и позволивших сэкономить средства предприятия.

Недавно в Актау, где расположены ключевые производственные активы нацкомпании, для руководства корпоративного центра «КазМунайГаза» и дочерних организаций по добыче нефти и газа, проведен тренинг по основам «Lean 6 Sigma» и роли первых руководителей (спонсоров) в процессе внедрения и функционирования системы. Тематика и состав участников обучающего мероприятия, организованного блоком трансформации и цифровизации КМГ, обусловлены тем, что успешная реализация проектов «Lean 6 Sigma» невозможна без вовлечения и поддержки со стороны первых руководителей предприятий. Программа вызвала живой интерес аудитории. Желание в скором будущем приступить к внедрению «Lean 6 Sigma» выразили руководители из других бизнес-направлений «КазМунайГаза», в частности, нефтесервиса.

Команда трансформации и цифровизации КМГ особую роль отводит человеческому капиталу, как основной движущей силе проводимых изменений. В этой связи, программа «Lean 6 Sigma» позволит повысить степень готовности и заинтересованности сотрудников к изменению бизнес-процессов и внедрению цифровых технологий. **Е**

# Бастауыш партия ұйымының жаңа төрағасы сайланды

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының есеп беру және қайта сайлау жиналысы өтті. Шара барысында ұйымның 2018-2019 жж. аралығында атқарылған жұмыстардың есебі тыңдалып, жаңа төрағасы сайланды. Жиналысқа бастауыш партия ұйымының мүшелері, Компанияға қарасты алты басқарманың бастауыш партия ұйымының жетекшілері мен ЕМГ жауапты мамандары қатысты.

ЕМГ «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының төрағасы Айболат Ғизатұлы

Ғабдуллин аталған кезеңдерде Компания басшылығымен бірлесе отырып нәтижесін тапқан іс-шараларға қысқаша тоқталып өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әр жылдардағы дәстүрлі Жолдауларында халықты толғандырған басты мәселелерге жете мән берілді. Соның бірі – еліміздегі әрбір отбасының баспаналы болуы, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға мейлінше көңіл бөлу. Мұның бәрі – ең алдымен, халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында қолға алынып жатқан бастамалар.



«Ембімұнайгаз» АҚ өзінің негізгі жұмыстарымен қатар осы бағыттарды басшылыққа алып келеді. Компания әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен тәрбиесінде мүмкіншілігі шектеулі балалары бар жанұяларға қолдау көрсетуді тұрақты назарда ұстап отыр, - деп атап өтті өзінің есепті баяндамасында А.Ғабдуллин.

Есепті баяндамадан кейінгі жарыс-сөз кезегінде бастауыш партия ұйымының атқарған жұмыстарына талдау жасап, көпшіліктің бағасы берілді.

Компанияның бастауыш партия ұйымының есеп беру және қайта сайлау жиналысында ұйымының жаңа төрағасы болып ЕМГ Басқарма төрағасы

Әнуар Еркінұлы Жақсыбеков сайланды. Сонымен қатар, 7 адамнан тұратын ұйымның бюро мүшелері бекітілді. Олар - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков, қоғаммен байланыс қызметінің маманы Айнұр Хаменова, экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор Абат Балабаев, қоғаммен байланыс қызметінің жетекші маманы Ғалия Қаражанова, «Ембімұнайэнерго» басқармасының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы Данияр Аташев, күрделі құрылыс департаментінің аға инженері Гүлнар Мусина, инвестициялық талдау департаментінің аға аналитигі Мақсат Сүйесінов. **Е**

## Біздің ардагерлер

## Құрылысшы ардагерлерге құрмет

Әр мамандықтың қоғамда алатын өзіндік орны, мәртебесі бар. Сондай мәртебелі мамандықтардың бірі құрылысшы мамандығы екендігі баршамызға аян. Құрылысшы — адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Ел экономикасының қарыштап дамуы жолында бұл салада қызмет етіп келе жатқан мамандарға құрмет көрсету негізінде елімізде тамыз айының екінші жексенбісі «Қазақстан құрылысшылары күні» болып тойланып келеді. Сол негізде «Ембімұнайгаз» АҚ өзіне қарасты құрылысшы ардагерлерді де назардан тыс қалдырмады.

Құрылысшылар күні алғаш рет 1956 жылы 12 тамызда КСРО-да тойланды. Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты.

Быылғы Құрылысшылар күні мерекесін «Ембімұнайгаз» АҚ әдеттегідей сала ардагерлерін ұлықтаудан бастады. 30-дан астам құрылысшы ардагерді компанияның бас ғимаратына шақырып, өздері салып кеткен сара жолмен қалай даму үстінде екенімізді көрсету мақсатында интерактивті мұражайға экскурсия және өндіріс процестерін жедел басқару орталығының жұмысымен таныстырды. Сонымен қатар, «Нұр Отан» партиясы «Ембімұнайгаз» АҚ бастауыш партиясының ұсынысымен аталған саяси ұйымның Атырау қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ө.Зайдуллиннің атынан арнайы Алғыс хаттар табыс етілді.

Құрылысшы ардагерлерді ЕМГ Басқарма төрағасы А.Жақсыбековтің өзі ар-

найы қабылдап, «Ашық есік күні» атауымен дәстүрге айнала келген шара әлі де өз жалғасын табатындығын айтты.

- Кәсіби айшықты мереке біздің елде 1998 жылдан бері аталып өтуде. Сәйкесінше, қоғамда құрылысшыларға деген құрмет те жыл өткен сайын артып келеді. Мұнай өндіруде тек мұнайшылар тер төгіп қана қоймайды, әр түрлі мамандық иелері бар. Қаржыгерлерлер, механиктер және өздеріңіз, яғни, құрылысшылар да ерекше рөл атқаратынын айтып өту керек. Мерекеде ғана емес, өздеріңіз салған сара жолмен қарқынды дамып келе жатқан компания жетістіктерін көріңіздер деген мақсатта шақырдық. Мерекелеріңіз құтты болсын!,- деді Ә.ЖАҚСЫБЕКОВ.

Келуші құрылысшы ардагерлер әр қадам жасаған сайын таңданыстарын жасыра алмады. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да көп жылдар бойы қызмет еткен ардагер құрылысшы Амантай Қуанышевтың айтуынша, зейнеткерлерге керегі көңіл ғана.



- Кеңестік кезінде «типтік жоба» деп бәрі біркелкі бола беретін. Қазір тәуелсіздік алғалы бері өте сәулетті құрылыс жүріп жатыр. Бұрынғы біздің кезде бір мектепті 2-3 жыл бойы салатынбыз. Қазір 1 жылда бітіріп жатыр. Сапасы да, қарқыны да жақсы. Мен ризамын. Ембілік құрылысшы зейнеткер атынан рахмет айтамын. Көне тарихқа көз жүгіртіп интерактивті мұражайды тамашалап, алғашқы жас маман кезімізді

еске алдық. Ембінің ажарының ашылуына осы орайда мыңдаған маман тер төгуде. Міне, бар құрылыс департаментінің мамандары құрақ ұшып күтіп-ақ жүр. Осының барлығы жұмыстың жақсы жолға қойылғаны, білімді жастардың көп екенін байқатып тұр. Бізге керегі осы бір ғана көңілдеріңіз. Еселі еңбек ескерусіз емес. «Ембімұнайгаз» компаниясына ризамыз, - деп ол ақжарма тілегін білдірді. **Е**



# Қаржыгерлер қызметіндегі IT-технологиясы

**Ағымдағы жылдың мамыр айында SAP NOW Қазақстан 2019 форумында «Ембімұнайгаз» АҚ отандық компаниясы IT-шешімдер негізінде көліктік қамту шығындарын едәуір оңтайландыруға мүмкіндік беретін жобаны таныстырды.**

**Аталған жоба жөнінде және қазіргі таңда қазақстандық мұнай саласындағы өндіру секторында қолданылатын сандық технологиялар туралы «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Нұрғалиқызы ТАСМАҒАМБЕ-ТОВАМЕН сөйлестік.**

**- Оқырмандарымызға форумда таныстырылған жоба туралы айтып өтсеңіз.**

- «Мұнай өндіруші кәсіпорында шынайы уақыт режимінде арнаулы техниканы тиімді пайдалану» жобасы «Өндіріс және активтерді басқару» сессиясында таныстырылды. Ең алдымен, бұл жобаның компаниямыз үшін қаншалықты маңызы бар екенін айтып өтейін. «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысының төрт ауданындағы 33 кен алаңында игеру жұмыстарын жүргізуде. Аталған кен алаңдарының ара қашықтығы шамамен 500 шақырым радиусты құрайды. Сәйкесінше, көліктік шығындар компания бюджетінің маңызды тарауы саналады. Қазіргі таңда кәсіпорын еншісінде 700-ге жуық арнаулы техника мен автокөлік бар. Олар, негізінен, мұнай мен газды өндіру бизнес-процестерінде көмекші құрал ретінде – ұңғымаларды ағымдағы жөндеу, күрделі жөндеу, жұмысшы қызметкерлерді тасымалдау, құрал-жабдықтарды кен алаңдарына жеткізу және басқа да өндірістік жұмыстар жүргізіп, қызмет көрсетуде. Сондықтан, компания алдында көліктерге қызмет көрсету шығындарын азайту мен үдерістердің ашықтығын қамтамасыз ететін көліктік ресурстарды заманауи және тиімді түрде басқару қажеттілігі туындады. Осыған орай, компания басшылығы жоғарыда аталған жобаны жүзеге асыруды ұйғарды.

Өткен жылдың мамыр айында жоба өндірістік құрылымдық бөлімшенің бірі «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-де пилотты түрде енгізіліп, соның қорытындысымен ағымдағы жылдың қаңтар айында жоба өндірістік негізде іске қосылды. Бекітілген шешімдер ықпалымен компания автокөлік паркін басқарудың бірыңғай жүйесіне көшті. Нәтижесінде, жанар-жағармай материалдарын қолдану көлемі азайып, көлік құралдарын есепке алу автоматтандырылды, шығындардың өз құны есебінің нақтылығы артып, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін арнаулы техниканы күту кезеңін қысқарту есебінен өндіріс учаскелерінде шығындар азайды.

Қазіргі таңда бұл шешімдер компанияның алты өндірістік бөлімшесіне енгізілді, қолданыстағы IT-жүйелерімен интеграция жұмыстары басталды. Жобаның қорытындысымен ұйымдастыру құрылымы қайта қаралып, ішкі рәсімдер мен есептеу жүйесіне өзгерістер енгізілді, автопаркте қолдану тиімділігі артты, IT-шешімдер базасында бірыңғай интеграцияланған ақпараттық орта құрылды. Ол бірқатар мәселелерді шешуге: басқару үдерістерінің, бақылаудың және есептеудің ашықтығын қамтамасыз ету, басқарушылық және күнтізбелік есебін дайындауға жұмсала-

тын уақытты азайту, мәліметтердің нақтылығын арттырып, адами фактордың әсер етуін азайтуға мүмкіндік береді.

**- Компанияда өндірістік үдерістерді оңтайландыру мақсатында өзге де IT-жобалар жүзеге асып жатқаны белгілі. Бұл жобалардың компанияға, соның ішінде қаржылық бағытқа әкелген тиімділігі туралы айтсаңыз.**

- Сандық технологияларды енгізу бүгінгі таңда компанияның, соның ішінде, қаржылық қызметті едәуір тиімді басқаруға жол ашады. 2006 жылы біз кәсіпорынды басқарудың ERP (Enterprise Resource Planning) әдістемесіне, яғни, ресурстарды жоспарлау жүйесіне көштік. Бұл тұжырымдаманың негізгі ерекшелігі – тек өндірістік ғана емес, кәсіпорынның өзге де ресурстарын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда компанияда IT-шешімдер арқылы өндірістік үдерістерді оңтайландыру жұмыстары қолға алынууда. 2016 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Уаз кен алаңында «Интеллектуалды кен алаңы» пилотты жобасын іске қосылды. Жобаның техникалық жұмысы біздің қызметкерлердің, соның ішінде, қаржыгерлердің IT және жаңа технологиялар саласындағы қазақстандық мамандармен бірігіп жасақталды. Жоба өз тиімділігін дәлелдеп, қолданатын электр энергияны 30%-ға азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жобаны іске асырудың өзге де артықшылықтарының қатарына: жабдықты пайдалану кезінде шығындарды азайту, қолданыстағы ұңғымалар қорының пайдалану қарқынын арттыру, ұңғымалардың істен шығып, тұрып қалуын азайту, кен орнын игеру режимін оңтайландыру, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны және еңбекті қорғау бойынша қауіптерді азайту және т.б. жатады.

Пилотты жоба нәтижесінде «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасы бүгінгі күні компанияның өзге кен алаңдарына таратылуда. Бұл жұмыстарды 2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Бұған қоса, сандық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты «Ембімұнайгаз» АҚ-да аталған жобаны кеңейту мақсатында жаңа және енгізілген шешімдерді, халықаралық компаниялар тәжірибелерін зерттеумен айналысатын жұмыс тобы құрылды.

Сонымен қатар, шығындарды оңтайландыру мақсатында компанияда бірқатар жобалар іске қосылды. Тауарлы-материалды құндылықтарды (ТМҚ), жұмыстар мен қызметтерді есептеуді автоматтандыру» жобасына сәйкес ТМҚ-ны жоспарлау, сатып алу және бөлудің барлық процесі ашық түрде жүзеге асады. Белгілі уақыт режимін-

де қолданушылар өз қоймаларын шынайы түрде бақылап, басқара алады. Сәйкесінше, аталған жобаларды қолдау мақсатында қолданушылар үшін тиімді есептер жасақталды. Қолданушылардан түскен өтініштердің есебін автоматтандыратын электрондық жүйе енгізілді. Сонымен қатар, аталған жүйенің ЭСШ (электронды сандық шот-фактура) сайтымен интеграциялау жұмыстары жүргізілді. 2017 жылдың қазан айынан бастап бүгінгі күнге дейін 430-ға жуық қолданушы түрлі модульдар бойынша оқудан өтті.

Компанияда тұрақты түрде қолданыстағы есептік, басқарушылық, бухгалтерлік, логистикалық, транзакциялық IT-жүйелерді жаңғырту жұмыстары жүруде. Заманауи IT-технологияларды енгізу оңтайлы жоспарлауға, есептік бөлімшелердің нәтижелілігін арттыруға, ресурстарды жедел басқару мен бөлуге, өндірістік функцияларды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

**- Сіздің ойыңызша, IT-технологияларды қолдану мұнай өндіру компанияларының қаржылық қызметіне қандай өзгеріс әкеледі?**

- Қаржы қызметі бизнестің түрлі бағытымен байланыс орнататын компанияны басқарудағы маңызды құралдың бірі болып табылады. Қазіргі қоғамда алдыңғы қатарлы технологиялардың көмегімен қаржы қызметін автоматтандыруға мүмкіндік беретін жаңа құралдар пайда болуда. 2006 жылға дейін компанияда есеп беру жүйесі 1С бағдарламасы бойынша жүргізілді. Соған сәйкес қаржы есебін жабу кезеңі келесі тоқсанда жүзеге асатын. Бухгалтерлік есеп берудің ескі жүйесі қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға қажетті ақпараттың жеделдігі, шынайылығы, толыққандығы сынды заманауи талаптарға жауап бере алмайды.

Жаңа IT-шешімге көшкеннен кейін қаржылық есеп беру кезеңі едәуір қысқартылды. Енді бізде қаржылық есеп беруді ай сайын салыстырып отыруға және қажет болған жағдайда шығындарды оңтайландыру мен қаржылық көрсеткіштерді жақсарту мақсатында өндірістік қызметке де әсер етуге мүмкіндігіміз бар.

Қазіргі таңда қаржылық қызмет енгізіп жатқан өзге де тиімді шешімдер ішінде салық есебі үдерісін автоматтандыруды ерекше атауға болады. Салық төлеуші және салық агенті ретінде компания қызметі ҚР-ның көптеген нормативтік құқықтық актілерімен және халықаралық ратификацияланған шартпен реттелетіні белгілі. Бұған Салық Кодексі мен Кодексте қаралған заңнамалық




актілер, іске қосу, трансферттік бағаның құрылуы, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақымен қамту, жанама салық өндіру жөнінегі келісімдер, екі реттік салық салудан жалтару туралы және басқа да заңдар жатады.

Салықтық есепке алу бухгалтерлік есеп деректеріне негізделгендігіне қарамастан, арнайы ережелер мен тәртіптердің көптігі бухгалтерлік есептегі барлық деректерге салық салу мақсатында түсіндіруді талап етеді. Бұл компанияның салық міндеттемелерінің дұрыс орындалуы үшін параллельді түрде қосымша салық есебін жүргізуді қажет етеді.

Сонымен бірге, салық есебін автоматтандыру компанияға салық есебін жүргізу мен құруға жұмсалатын уақытты қысқартуға, салық міндеттемелерінің орындалуын жедел талдауға, әртүрлі салық кестелерін салық міндеттемелеріне әсерін бағалау үшін салық базасын модельдеуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда аталған жобаның сынақ жұмысы аяқталуда, ал, жақын уақытта ол өндірістік пайдалануға берілмек.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, бүгінгі таңда IT-технологиялардың көмегімен қаржылық менеджмент компанияның құрамдас бөлігі болып табылады деп пайымдауға болады. Ол онлайн режимінде кәсіпорынның қаржылық жағдайының объективті көрінісін көруге және сәйкесінше қажетті шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. 



## Бір үйде бес мұнайшы қыз ағайынды...

Қазақ әйелі қай кезеңде де елдің болашағының асқақ әрі айбынды болып қалыптасуына өзінің бар үлесін қосып келеді. Қазіргі таңда Ембі өндірісіне бар жиған білімін, тәжірибесін жұмсаған нәзік жанды арулар қаншама?! Бүгінгі әңгімеміз бір отбасының, ата-ананың тәрбиесін алып, өмірінің қырық жылдай бөлігін бір мұнай-газ өндіру басқармасына арнаған Зоя мен Светлана Қилыбаевалар жөнінде болмақ.

Комсомол ауылында туып-өсіп, Доссордағы Шәріпов атындағы орта мектепті бітірген соң (Комсомолда 8 жылдық мектеп болатын – ред.) арман қуып, училищеге оқуға түсіп, оператор мамандығын алып шығады.

- Оқу бітірген соң мұнайшы болуға бел будым. Оның екі себебі бар: біріншісі – мұнайлы өлке болғандықтан, ауыл жастарының көбі осы саланы таңдайды; екіншісі – әкем Жайбол Қилыбаев «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Комсомол кен орнында

еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан азамат. Мектепте математиканы сүйіп оқитынмын. Бірақ, көзімізді ашып, ес білгелі бері әкеміздің салған сара жолымен жүруге тырысқандықтан шығар, мұнай-газ саласын еш ойланбастан таңдадым. Өкінбеймін, - деп еске алды бізбен әңгімесінде кейіпкеріміз **Зоя ҚИЛЫБАЕВА**.

1978 жылы «Мақатмұнай» МГӨБ-не көмекші жұмысшы болып кіріп, кейін Комсомол мұнай және газ өндіру цехында 2-категориялы тауарлы оператор, 3-разрядты мұнайды дайындау және айдау операторы, Алтыкөл мұнай өңдеу бригадасының 4 разрядты операторы, еңбекті ұйымдастыру ғылыми бөлімінің инженері, кейін аға инженері, жоспарлау бөлімінің басшысы, экономикалық қызметтің маманы, кейін экономисі қызметтерін атқарып келді. Қазіргі таңда аталған қызметтің бөлім басшысы лауазымында.

- Алтыкөл кен орнынан Комсомолға майды айдайды. Сол кездегі біздің міндетіміз – сол мұнайды қыздырып, тазалап, мұнай айдау стансасына тапсыру, сағат сайын 4-5 қазанды өлшеу. Бұл кезде қазіргідей жағдай жоқ. Жүйе автоматтандырылмаған, арнаулы киім жетіспейді. Сағат сайын 12 метрлік биіктіктегі әр қазанға көтеріліп, өлшеп шығамыз. Май кетіп қалмау үшін, тез қимылдау керек. Әсіресе, қыс мезгілінде қиындау соғады, – дейді ол.

Өндірістің бел ортасында жүрген қаршадай қыз өзінің сапалы жұмысының арқасында Алматы халық шаруашылығы институтына оқуға жолдама алып, «Өндірісті жоспарлау» мамандығы бойынша оқуды бітіреді. Экономикалық салада да өз артықшылықтары бар. Кезінде барлық есептеу жүйесі шот арқылы жүзеге асса, қазір бәрін компьютер есептеп береді. Айта кетейік, еңбек кітапша-

сында бір ғана өндірістік басқарманың есімі жазылған Зоя Қилыбаева 24 тамызда зейнеткерлік жасқа толғалы отыр.

Қара алтын өндірісінің қыр-сырын әбден ұғынған Зоя Қилыбаева «Өмірлік ұстанымым – елге қызмет ету, отбасының алдында, жүрген ортаңда абыроймен азаматтық атты алып жүру. Сол қағидатпен ғұмыр кешіп келемін. Білмегенге – үйреттік, білгеннен – үйрендік. Т.Кенжеарыстанов, О.Моисеева, Б.Ізімбергенов – мені осы саланы толық меңгеруге баулыған тұлғалар, – деп әңгімесін сабақтады.

### Светлана ҚИЛЫБАЕВАНЫҢ

есімі ембілік мұнайшылар арасында үлкен құрметке ие. Ол – «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасының әйелдер арасында жалғыз шебері. Ол да 1979 жылы Комсомол кен орнына көмекші жұмысшы болып қызметке алынып, содан бері табан аудармастан осы басқармада еңбек етіп келеді.

- 1980 жылы басқарма басшыларының келісімімен оператор болып қызметке кірістім. Сол кезде маған жол сілтеген М.Дәулетова, Р.Молдашева, А.Жанасов аға-апаларымның мұнайшы болып қалыптасуымда сіңірген еңбектері өлшеусіз. Содан Комсомолда 21 жыл бойы мұнай өңдеу операторы болып еттім. Оқуға түсіп, «Мұнай кен орындарын игеру» мамандығын алып шықтым. 2002 жылы қаңтарда сол кездегі цех бастығы С.Махамбетов маған жерасты жөндеу бригадасына шебер болуды ұсынды. Көп ойландым. Өйткені, мұнай саласында ең күрделі қызмет түрі саналатыны белгілі. Кейін, маған сеніп тапсырған жұмыс болғандықтан, бұл ұсынысты қабыл алдым. Қазір үйреніп кеттім. Қазір еңбек ететін бригадам – ынтымағы жарасқан іргелі



ұжым, – дейді жерасты жөндеу бригадасының шебері.

Мұнай өндірісінде ұлсың ба, қызсың ба оңы мен солы бірдей. Бар мұнайшы сияқты, табиғатынан нәзік арудың табандылығы да осы жерден көрінеді. 17 жасында өндіріске қадам басқан Света Қилыбаеваның еңбекке араласқанына биыл 40 жыл толып отыр. Мұнай өндіру саласына өмірінің көктемін, жазын арнаған мұнайшы әйел жастарға патриот болу керектігін айтады.

Жайбол Қилыбаевтың отбасында бес қыз тәрбиеленіп өскен: Зоя мен Светамен қоса қалған үшеуінің де тағдыры мұнай-газ саласымен байланысты. Дина – «Доссормұнайгаз» МГӨБ геолог болып еңбек етіп, 2013 жылы зейнеткерлік демалысқа шықса, Зинаида «Геотехникалық орталық» ЖШС-де бас геолог қызметін атқаруда. Ең кішісі Сара – Алтыкөл кен орнының зерттеу тобында жұмыс жасауда. Өмірі өндіріспен біте қайнасқан олардың әлі де жастарға үйретері көп. **Е**



## Жаңа технология

## Прорвадан бастау алған әдіс

2003-2004 жылдары Мәскеу қаласының «СММ» ЖШҚ ауыр машина жасау компаниясы және Құлсары ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасының күшімен С.Нұржанов және Батыс Прорва кен алаңдарында бірінші рет 10 ұңғыға қабатты сұйықтық қысыммен жару (ГГРП) жұмыстары жүргізілді. Ресейдің Октябрьск қаласынан шыққан пайдалану колоннасының жоғарғы (1000 атм) қысымнан сақтайтын жаңа құрылғы ПРОЯМО-ЯГ пакері осы кезде сұйықпен қабатты жару жұмыстарына бірінші рет пайдаланылған болатын. Сол кезде бұл пакер «Ембімұнайгаз» АҚ кен алаңдарында да, тіптен Қазақстан мұнай газ кен орындарында бұрын соңды пайдаланылмаған заманауи технологиялық құрылғы болатын.

Осы қабатты сұйықпен жару жұмыстарына тікелей араласып, таң атқаннан күн батқанға дейін басы-қасында болып, технологияның өндіріске енгізілу жұмыстарына қатыстық. Бұл кезде жас болсақта, кәсіпшілігімізде жүргізілетін жаңа технологиялық процестердің біразын көріп, тәжірибе жинақтап қалғанбыз.

Бірде сол кездегі ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасының өндірістік-технология бөлімінің жетекші инженері Қалдыбек Қосымбаевпен ұңғы басында кездесу кезінде, ол «осы пакерді пайдаланып, бір ұңғыға жоғары қысыммен ұнтас айдасақ» деген ұсыныс тастады. Ол

кезде Қ.Қосымбаев қабатты сұйықтық қысыммен жару жұмыстарына тікелей араласып, ПРОЯМО-ЯГ пакерін бірінші болып игерген мамандардың бірі еді. Бұл кезде «Прорванефть» басқармасының геология бөлімінің бастығы қызметін атқарып жүрген мені бұл пакерді пайдалану жеңіл әрі мүмкіндіктерінің зор екендігі сол кезден қатты қызықтыратын.

Бұл бір жақсы ұсыныс болды. Өйткені, бұған дейін қабат сулануын оқшаулау кезінде қажетті ұнтас ертіндісін қабатқа айдау мүмкін емес еді. Себебі, 0,5-0,7 текше ұнтас ертіндісі айдалғаннан кейін қысым 120 атм-ға жетіп, жұмыс тоқтатылып, нәтижесі ойдағыдай бола бермейтін. Бұрын пайдаланған ПВМ механикалық пакердің жоғары қысымды ұстау мүмкіндігі жоқ-тұғын.



Енді, міне, сол мүмкіндік туғалы тұр. Б а с т ы с ы соны жасайтын маман бар. Ұсынысты сол кездегі «Прорванефть» МГӨБ бас инженері А м а н г е л д і Сүлейменов мен жетекші и н ж е н е р

Рахым Бүргебаев та қолдады. Бұрын соңды ұңғыны жоғары қысымда пакермен ұнтастау болып көрмегенін, тәуекелдің жоғары екенін ескере отырып, мен бірінші ұңғыға сулануды оқшаулау негізінде пайдаланатын полимер ертіндісін айдауды ұсындым.

Өз кезегінде ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасы басшылығы ұңғыны пакермен жоғары қысымда ұнтастау технологиясын қолдамады. Қолдамаудың себептері Прорва бойынша оқпан (забой) температурасының 70-99° С аралығында болатындығын, мұндай ыстық оқпанда ұнтас ертіндісі тез қататынын және бұл кезде ертінді қатуын баяулатушы реагенттің жоқтығын, пакерді отырғызып, кейін қайта ашу кезінде қауіптің жоғары екенін, басқарма мамандарының мұндай жұмыстарда тәжірибесі жоқ екендігін алға тартты. Алайда, күрделі жөндеу басқармасының сол кездегі тәжірибелі маманы Бекболат Отаров Қалдыбек Қосымбаев күрделі процесті ойдағыдай орындайтынына сенім артып, басқарма басшыларынан рұқсат алып берді.

Сонымен «СММ» компаниясынан бір пакерді уақытша сұрап алып Қосымбаев Қалдыбектің тікелей бастамасымен, топтық сараптама басшысы Бекболат Отаровтың қолдауымен бірінші рет Досмұхамбетов алаңында ұңғыға пакермен полимерлі ГПТС ертіндісі

250-300 атм қысыммен айдалып, технологиялық процесс ойдағыдай жүргізілді.

Кейін бірнеше суланған ұңғыларға пакермен жоғары қысымда 280-300 атм қысыммен 1,5 – 2 текше метр ұнтас ертінділері айдалып, нәтижесінде ұңғылардың сулануы 90-95%-дан 40-50%-ға түсіп, қосымша өнім әр ұңғымадан 5-10 тоннаға дейін өсіп, тіпті көптеген ұңғылардан фонтандық тәсілде өнім алу жетістіктері бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Осыдан кейін Құлсары ҰЖ басқармасы сатып алу бюджетіне ПРОЯМО-ЯГ пакерлерін енгіздіріп, ұңғыны қысыммен пакер арқылы ұнтастау технологиясы өндіріске біржолата тұрақты түрде енгізілді.

Бүгінгі таңда сонау Прорвадан бастау алған пакер негізіндегі ұнтастау технологиясы «Ембімұнайгаз» АҚ тіптен Қазақстан мұнай кен алаңдарында кеңінен тарады.

Сөзімді аяқтай келе, біздің көніштер жаңа технологиялар ордасы болып, болашақ жастар жаңа технологияларды әрі қарай жалғастырып, одан әрі меңгеріп, мұнай өндіруді ұлғайтуға үлестерін қоссын дегім келеді. **Е**

**Балмаш ЖАҚСЫБАЕВА,**  
**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**  
**бастығының геология және**  
**кен орындарын игеру жөніндегі**  
**орынбасары.**

# Мұнайшылар сауалдарына жауап



**Қадірлі оқырман! Газетіміздің өткен санынан бастап «Сұрақ-жауап» айдарын ашқанымыз жөнінде хабарлаған болатынбыз. Егер Компанияның жауапты мамандарына қояр сауалдарыңыз, кеңестеріңіз болса, газеттің 8-бетінде көрсетілген электронды пошталарға жолдауыңызға болады. Олардың жауаптары осы айдарында жарияланады.**

**1. К.Сабилов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ операторы:**

**Сұрақ:** 1987 жылдан бері мүгедектер қатарындамын. Жеке табыс салығы ұстала ма? Екінші сұрағым, бес күндік жұмыс тәртібімен қызмет етемін. Еңбекақы бір айда көп, келесі айда аз шығады. Себебін түсіндіріп берсеңіздер.

**Жауап:** ҚР Салық Кодексінің 346 бабының 1 тармақ 2 тармақшасына сай 1-3 топ мүгедектері үшін 882 АЕК мөлшерінде (2019 жылы 2 227 050 тенге) жеңілдік қаралған. Егер жұмыскер 1-3 топ мүгедегі болып саналса, онда ол шегерімді алуы үшін бухгалтерияға шегерімді қолдану туралы арыз және мүгедектік берілгені туралы растаушы құжаттар көшермесін беруі тиіс (Салық Кодексінің 343 бабы 1 тармақ).

Мұнай және газ өндіру операторлары үшін сағаттық тарифтік мөлшерлеме белгіленген және Сіздің айлық жала-

қыңыз бес күндік жұмыс аптасындағы жұмыс уақытының балансы бойынша, тікелей сол айда жұмыс жасаған сағатыңыздың мөлшеріне байланысты болады. Айталық, 2019 жылға бес күндік жұмыс аптасындағы жұмысшы уақытының балансы былайша белгіленген: қаңтар, ақпан, мамыр, маусымда – 160 сағат, наурызда – 136, сәуір мен шілдеде – 176 сағат және т.б. Өзіңіздің жалақыңызға қатысты кез келген сұрақ бойынша Сіз өзіңіз жұмыс жасайтын мұнай-газ өндіру басқармасының бухгалтериясына телефон арқылы хабарласуыңызға болады.

**2. Е.Қарабаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жабдықтарын жөндеу цехының операторы:**

**Сұрақ:** Атырау қаласына іс-сапарға барған мезгілде қонақүйлерге ақысын біз төлемей, бірден мекемелер өз араларында шарт бойынша тікелей ақысын аударса. Бізге тек жеке куәлігіміз бойынша барып орналасуға жағдай жасалса деген ұсынысым бар.

**Жауап:** Қонақүйлерге тікелей төлем жасау тендер өткізуді талап етеді. Тендер қорытындысын делдал компаниялар жеңіп алып, өзінің маржасын қосады. Қонақүйлер ақысы Қоғам үшін қымбатқа шығады. Қазіргі уақытта қонақүйлермен тікелей жасақталған келісім-шарттарға сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қызмет-

керлері қолма-қол ақшамен немесе есеп айырысу карталарымен төлеулері тиіс.

**3. Н.Тлеков, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ «Жайық» аудандық электр тобының бастығы:**

**Сұрақ:** Жұмыскерлерге қосалқы, кезектен тыс жұмыстар көп, көлік құралдары жетіспейді. Осы мәселені шешсеңіздер.

**Жауап:** Қосымша көлік бөлініп жатыр. Қазіргі уақытта жүргізуші тағайындалуда. Жақын арада іске қосылады.

**4. С. Бердіғалиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ жүргізушісі, Ж.Құлғалиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ботахан мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары, Туриев Қуандық, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының операторы:**

**Сұрақ:** Бізді Атырау қаласында «Ембіоқуорталығы» ЖШС-не оқудан өту үшін іс-сапарға жіберген кезде тасымалдау мәселесі қиындық келтіруде. Облыс орталығындағы «Қазақстан» қонақүйінен жұмысшыларға қала шетіндегі оқуға баратын көлік ұйымдастырылса деген ұсыныс бар. Өйткені, жолдың алыстығына байланысты такси қымбат. Кейде такси де болмай қалады. Осы мәселені шешіп беруіңізді сұраймыз.

**Жауап:** Жұмысшыларды тасымалдау үшін оқу мекемелеріне ұсыныс беріледі және де «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты Өндірістік-техникалық қам-

ту және жабдықтармен комплектациялау басқармасында жұмысшыларды тасымалдайтын автобустар бес бағыт бойынша бекітілген. Сол бағыттарда жүрген автобустар оқуға келген қызметкерлерді тасымалдайды. Бұл жөнінде оқуға келген жұмысшыларға қолдарына ескертпе қағазы беріледі.

**5. Ж.Нұркасимов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ геологы:**

**Сұрақ:** Вахтааралық ауысым кезінде мердігер мекеменің автобустары неге өзгермейді? Жағдайы тым нашар, өте ескі, көлік газбен жүреді. Жазда автобустың ішінен газ иісіне тұншығып келеміз. Жолдың сапасы да өте нашар. Бұл мәселенің көтерілгеніне бірнеше жыл болды, шешімін қашан табады?

**Жауап:** Жол сапасының нашарлығы мәселесі бірнеше жылдан бері көтеріліп келеді. Комсомол–Алтыкөл өндірісаралық жол болмағасын, мердігер мекемелермен бірігіп, өз күшімізбен жыл сайын жол түзеу жұмыстарын жүргізіп келеміз. Алайда, тасжол болмағандықтан, жаңбырдан кейін қайта бұзылады. Бұл – компания бойынша өзекті шешімін күтіп жүрген мәселесі.

Мердігер мекеменің автобустары жөніндегі сұрағыңызға жауап берер болсақ, вахтааралық ауысым кезінде тексеріс жүргізілді. Атап айтатындай кемшілік орын алмады. Автобус іштері таза, газ иісі жоқ. Жуырда бүкіл облыс бойынша газ тапшылығы орын алған кезде, нашар газбен жүруге мәжбір болды. Соның салдарынан сапасыз газдың иісі шыққан. Бұл кезде басқаша амал болмады. Бірақ, күнде қайталанып жатқан жағдай емес. Қазір мәселе бақылауда.

**6. М.Раджапов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Доссор автоколоннасының 6 дәрежелі тракторшысы:**

**Сұрақ:** Кезекші алмастырушының еңбек демалысына шығуына байланысты мені өндірістік қажеттілікке байланысты 8 сағаттық жұмысқа ауыстырған болатын. Бес күн жұмыс жасағаннан кейін Алтыкөл кен орнынан үйге жеткізетін көлік болмай қалады, осы жағдайдың шешімін тауып беруіңізді сұраймын?

**Жауап:** Бұл мәселе жөнінде сұрақ иесіне хабарластық. Нақтылауымызша, бір рет болған жағдай. Жұмыстың көптігіне байланысты кешке дейін жұмыста кідіріп, автокөліктен кеш қалып қалған. Механик Р.Жантоховқа айтқанда, «жолшыбай автокөлікпен жет» деген. Содан үйге өз күшімен қиындықпен жеткен. Мәселе зерделенуде. Келесіде ондай жағдайлар қайталанбас үшін, гараж бастығы мен механикке ауызша ескерту берілді. **Е**



## Қайырымдылық – ізгі қасиет

«Ембімұнайгаз» АҚ биыл алғашқылардың бірі болып «Мектепке жол» республикалық акциясын жүзеге асыру шараларын одан әрі жалғастырды. Компания басшылығының бастамасымен нәтижесін тапқан қайырымдылық акциясы облысымыздың 7 ауданы мен Атырау қаласындағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының балаларын қолдау мақсатындағы шараға ұласты.

Бұл отандық мұнай өндіруші компания - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұйымдастырып отырған алғашқы қайырымдылық шарасы емес. Ембілік мұнайшылардың облыс және облыстан тыс өңірлерде де қайырымдылық-демеушілік шараларын тұрақты ұйымдастырып келе жатқанын атап өткен жөн.

2015 жылы ЕМГ қызметкерлерінің жалақысы есебінен жиналған қаражатқа тәрбиесінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар Атырау қаласындағы 4 отбасының баспанасына күрделі жөндеу жүргізіліп, жылғыздікті бір қарияға жаңа баспана салынып берілсе, 2016 жылы Атырау қаласындағы балаларының екеуі ауыр дертке шалдыққан көп балалы отбасыға жаңа баспана салынды. 2018 жылы ембіліктер қатты нөсерден зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданының тұрғындарына да қолдау көрсетіп, бір күндік жалақылары есебінен қаражат жинап, оған облыстағы Малеевск, Зубовск, Зырян қаласының шеткі мөлтек аудандарындағы баспанасы жөндеуге келмейтін жанұяларға 7 баспана тарту еткен болатын.

Биыл да игілікті шара жалғасын тауып «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма



төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбековтің бастамасымен ембілік мұнайшылар бір күндік жалақыларын жинап, қасиетті Рамазан айы қарсаңында Атырау облысының Құрманғазы, Исатай, Мақат, Жылыой, Қызылқоға аудандарындағы баспанасыз, көп балалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған сегіз отбасыға 8 баспананың кілтін табыс еткен болатын.

«Апат айтып келмейді» дегендей еліміздің оңтүстік өңіріндегі болған апатты жағдай елді дүр сілкіндірді. Түркістан облысы Арыс қаласындағы әскери қоймада жарылыс болып, апатты жағдай орын алды. Қаладағы 45 мыңдай адам эвакуацияланып, баспаналардың 80 пайызы бүлінді. Елу адамдай жарақат алды. Жарылыстан қатты зардап шеккен жергілікті тұрғындарға бүкіл ел болып көмек көрсетілді. «Арыс. Біз біргеміз!» республикалық акция жарияланып, барша қазақстандықтар болып қалдерінше қол ұшын созды. Ембілік мұнайшылар да арыстық ағайындарға қолдау көрсетіп, жалақылары есебінен көмек ұйымдастырды. Нәтижесінде, Арыс қаласындағы жарылыстан бүлінген 16 мектептің (қалада барлығы 40 мектеп бар) 400-ден астам бастауыш сынып оқушыларына мектептік киім-кешектер тарту етілген болатын.

Бұл жолғы көмек Компания басшылығына өтінішпен шыққан хат иелері – Атырау облысының әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына арналды. Облыстағы жеті аудан (Исатай, Махамбет, Құрманғазы, Мақат, Жылыой, Қызылқоға, Индер) мен Атырау қаласындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларына арнап мектептік киім-кешектер тапсырылып, көмектер ұйымдастырылды.

Қайырымдылық шарасында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы ЖАҚСЫБЕКОВ Компанияның ұстанған басым бағыттарына қысқаша тоқталып өтті.

- Ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келе жатқан отандық мұнай өндіруші компания өнім өндіріп, ел экономикасының дамуына сүбелі үлесін қосып, қатар, елдің әлеуметтік жағдайын да назардан тыс қалдырған емеспіз. Негізінен, әлеуметтік көмек Компанияның өндірістік бөлімшелері орналасқан 4 аудан тұрғындарына көрсетіліп келгенді. Биылдан бастап облыс аумағын түгелдей қамтуға тырысып отырмыз, - деді өз сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков. **Е**



## Назар аударыңыз! / Внимание! Объявление!

### Құрметті әріптестер!

Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбековтің бастамасымен Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай 24 тамыз күні Компания қызметкерлерінің қатысуымен Атырау қаласында велошеру өтетіндігін хабарлаймыз.

Велошеруге қатысуға ниет білдірсеңіздер, алдынала тіркелуіңіз (A.Ertleuova@emg.kmger.kz электронды поштасына) керек екендігін қаперіңізге береміз.

### Уважаемые коллеги!

По инициативе председателя Правления АО «Эмба-мұнайгаз» Жаксыбекова Ануара Еркиновича 24 августа 2019 г. в г.Атырау организуется велопробег с участием сотрудников Компании, приуроченный к 120 летию казахстанской нефти.

Заявки на участие в велопробеге следует направить на электронный адрес A.Ertleuova@emg.kmger.kz **Е**

### Құрметті әріптестер!

Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай 23 тамыз күні «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мұнайгаз өндірістік басқармалары арасында алғаш рет қазақ күресінен "Мұнайшы барысы" түйе палуандар арасындағы чемпионат өтеді. Абсолют салмақта (90 келіден жоғары) қатысуға ниет білдірсеңіздер, дәрігерден денсаулығына орай тексерістен өткен рұқсат қағазымен бірге атыжөндерін толық жазып алдынала тіркелуіңіз (A.Khamenova@emg.kmger.kz электронды поштасына) керек екендігін қаперлеріңізге беремін.

Қатысушылар үшін орын шектеулі және балуандар салмағы шара алдында тағы бір мәрте тексерілетінін де ескертеміз.

### Уважаемые коллеги!

23 августа 2019 г. АО «Эмба-мұнайгаз» впервые в своей истории организует чемпионат по казахской борьбе «Мұнайшы барысы» среди сотрудников Компании. Соревнования будут проходить среди участников в абсолютной весовой категории (от 90 кг). Заявки на участие с полным указанием ФИО, вместе со справками от медицинских работников о допуске к соревнованиям следует направить на электронный адрес A.Khamenova@emg.kmger.kz.

Дополнительно информируем, что количество участников в чемпионате ограничено. А также, что перед проведением чемпионата состоится церемония контрольного взвешивания. **Е**

## Қоршаған ортаға – қамқорлықпен

Жайық өзені және қала аумағындағы барлық су тоғандарының жағалауларын қоқыс қалдықтарынан санитарлық тазарту акциясына «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлері үлкен белсенділікпен қатысуда.

#Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясы аясында өткен шарада ембіліктер – Орталық басқару аппаратының,

«Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларының қызметкерлері Жайық өзені мен Соколов көпірі аралығындағы өзек жағалауын, Талғайраң ауылы маңындағы Жайық жағалауын тұрмыстық қоқыстан тазалады.

Сонымен қатар, «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз»

және «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының ұжымы да «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына үлестерін қосты. Қызметкерлер жұмыла жұмыстанып, өндірістік бөлімшелер орналасқан аумақтарды – Исатай аудан орталығы Аққыстау ауылының айналасын, Жылыой ауданы Құлсары қаласындағы Ізбасов көшесінің бойын,

Қызылқоға ауданындағы «Қайнар» вахталық поселкесі аумағын, Мақат ауданының орталығы Доссор ауылының маңын қоқыстан тазартты.

Атырау қалалық баспасөз қызметінің мәліметінше, #birge #TazaQazaqstan науқанының екі кезеңінде Жайық өзенінің жағасынан 60 тоннаға жуық қоқыс жиналды.

Акция алдағы айларда да жалғасады.



## Не? Қайда? Қашан?

Биыл еліміздің мұнай-газ саласы үшін айтулы жыл. Атырау облысының Қарашүңгіл құрылымынан алғаш мұнай фонтаны атқылағанына 120 жыл толады. Қазақ мұнайының тарихына бастау болған XIX ғасырдың соңындағы осы оқиғаға орай еліміз бойынша ауқымды шараларды ұйымдастыру қолға алынуда. Сіздердің назарларыңызға мерейлі мерекеге орай Атырау аймағында өтетін шараларды ұсынып отырмыз:

**23 тамыз**

**24 тамыз**

**29 тамыз**

**29 тамыз**

**1 қыркүйек**

**1 қыркүйек**

**1 қыркүйек**

**1 қыркүйек**

**5 қыркүйек**

**5 қыркүйек**

- «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің қатысуымен алғаш рет қазақ күресінен «Мұнайшы барысы» түйе палуандар арасындағы чемпионат;
- «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің қатысуымен алғаш рет велошеру;
- Қарашүңгіл жерінде жаңартылған ескерткіш тақтаның салтанатты ашылуы;
- ұлттық спорт түрлерінен «Дарабоз-2019» республикалық турнирінің жабылу салтанаты;
- С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы;
- «КМГ-Инжиниринг» ЖШС кеңсесінің салтанатты ашылуы;
- Атырау мұнай және газ университетінде С.Өтебаевқа арналған ескерткіштің ашылуы;
- Исатай-Махамбет орталық алаңында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен Open Air шарасы;
- «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде кеңейілген жиын;
- Махамбет атындағы қазақ драма театрында салтанатты шара. **Е**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

**Редакциялық кеңес:**

Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**

«Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.  
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі